**«Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**КГУ «Общеобразовательная школа села Азат отдела образования по Аккольскому району управления образования Акмолинской области»**

# ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

# МАТЕРИАЛЫ ПО САМООЦЕНКЕ

**2025-2026 оқу жылы**

**Мазмұны**


**1-тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер...........................................2**

**2-тарау. Кадрлық құрамға талдау.....................................................................5**

**3-тарау. Білім алушылар контингенті.............................................................12**

**4-тарау. Оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуының нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы..............................................................................................15**

**5-тарау. Тәрбие жұмысы..................................................................................50**

**6-тарау. Білім алушылардың білімін бағалау...............................................79**

**7 тарау. Оқу-материалдық активтер.............................................................83**

**8 тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор..................................87**

**9 тарау. Қорытынды және ұсынымдар.............................................................89**

**«Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындысы**

**№ 6 қосымша**

**1 тарау.**

**1.1 Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер**

«Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

***Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы***

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 15 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1965 жыл 09 сәуір. Мектептің техникалық паспорты 2007 жылы 09 қазанда жасалған. қабат саны-3, құрылыс ауданы-1314, ғимараттың ауқымы-13759, жалпы алаң- 2765,5, салынған жылы-1986 жыл

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет және құрылтай құжаттары:

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Заңды мекен-жайы: 020103, Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Аққөл ауданы, Азат ауылы Алаш көшесі 4.

Заңды тұлға:«Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Байланыс телефоны:8 (71638) 5-31-92

Электрондық мекен-жайы:azatskaya.sh@yandex.kz

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі) http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/admin/content/edit/id-375315

Мектеп директоры - Аманжол Кумисай 2025 жылдың 3 наурыздан бастап Аққөл аудандық білім бөлімінің №7 бұйрығымен Азат ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ басшысы қызметіне тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары

«Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің басқару органы - «Ақмола облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы «Ақмола облысының

әкімдігі».

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 15 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1965 жыл 09 сәуір. Мектептің техникалық паспорты 2007 жылы 09 қазанда жасалған. Қабат саны-3, құрылыс ауданы-1314, ғимараттың ауқымы-13759, жалпы алаң-2765,5, салынған жылы - 1986 жыл.

«Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 05.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысының әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтар №А-1/1қаулысымен бекітілген;
http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/public/files/2023/3/23/230323_135323_2022-03-11001.pdf

Бизнес идентификациялық нөмірі - 65044000038

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе)мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама талоны):
http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/public/files/2023/3/23/230323_143017_img20230323122327.pdf

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 12 ақпан

2021 жылғы №15LAA00022726 мерзімі– шектелмеген
http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/public/files/2023/3/23/230323_143503_licenziya-shkoly-1.pdf

Оқыту тілі: қазақша, орысша

Оқу ауысымы:1

## 1.2. Басқару құрылымы мен алқалы басқару органдары қызметінің сәйкестігі

Мектепте білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында алқалы басқару органдары жұмыс істейді.

**Педагогикалық кеңес**

Педагогикалық кеңес қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес ұйымдастырылған.

Педагогикалық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітілген, отырыстар тұрақты өткізіліп, хаттамалары жүргізіледі.

**Қамқоршылық кеңес**

Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы талаптарына сәйкес құрылған. Кеңестің құрамы бекітілген, жұмыс жоспары жасалып, отырыстар хаттамалары рәсімделеді.

**Әдістемелік кеңес**

Әдістемелік кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес**

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп қағидалары негізінде жұмыс атқарады.

Кеңес қызметі педагогтердің кәсіби этика нормаларын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мектептің басқару құрылымы және алқалы басқару органдарының қызметі нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды.

### 1.3 Білім беру ұйымы басшысының біліктілік талаптарына сәйкестігі

Мектеп директоры - Аманжол Кумисай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келеді.

Басшының:

жоғары педагогикалық білімі -бар;

педагогикалық жұмыс өтілі талаптарға сәйкес -17 жыл;

басқарушылық қызмет тәжірибесі бар - 3 жыл;

біліктілікті арттыру курстарынан уақытылы өткен - 2025ж;

аттестаттау нәтижелері қолданыстағы талаптарға сәйкес.

Құжаттарды талдау нәтижесінде мектеп басшысының атқарып отырған лауазымына сәйкестігі расталды.

### 1.4. Білім беру ұйымының даму жоспарының болуы және жүзеге асырылуы

Азат ауылының жалпы білім беретін мектебінде білім беру сапасын арттыруға

бағытталған мектептің даму жоспары әзірленіп, бекітілген.

Даму жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес әзірленген.

Даму жоспарының негізгі бағыттары:

білім беру сапасын арттыру;

педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру;

цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану;

инклюзивті білім беруді дамыту;

тәрбие жұмысын жетілдіру;

материалдық-техникалық базаны нығайту;

білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мектепішілік жобаларды жүзеге асыру.

Мектептің даму жоспары бойынша жоспарланған іс-шаралар кезең-кезеңімен орындалуда. Жыл сайын жоспардың орындалуына педагогикалық кеңесте талдау жасалып, мониторинг жүргізіледі.

## 2 тарау. Кадрлық құрамға талдау

### 2.1. Педагогтердің тиісті бейіні бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіптік біліміне қойылатын талаптардың сақталуы

Азат ауылының жалпы білім беретін мектебінде педагог кадрлардың сапалық құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің нормативтік-құқықтық актілеріне және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес қалыптастырылған.

Мектепте қызмет атқаратын педагогтердің барлығының жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар. Педагог кадрлардың құжаттары білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогтердің дипломдары, біліктілігін арттыру сертификаттары, санат беру туралы куәліктері және басқа да растайтын құжаттары кадр қызметінде жинақталған.

Мұғалімдердің сапалық құрамы (2025–2026 оқу жылы) №7 қосымша

http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/content/pedagogicheskiy-kadr

2025–2026 оқу жылында мектеп 35 педагог қызметкермен толық қамтамасыз етілген.

**Педагогтердің білім деңгейі:**

Жоғары білімді - 27 педагог – 77%;

Арнаулы орта білімді – 8 педагог - 23%.

**Педагогтердің еңбек өтілі бойынша құрамы**

35 штаттық педагог қызметкердің ішінде:

3 жылға дейін – 4 мұғалім (11%);

3–5 жыл – 5 мұғалім (14 %);

6–10 жыл – 8 мұғалім (23 %);

11–15 жыл – 4 мұғалім (11%);

16–20 жыл – 4 мұғалім (11%);

20 жылдан жоғары – 10 мұғалім (28 %).

**Педагогтердің жас ерекшелігі бойынша құрамы**

**Педагогикалық ұжымның жас құрамы төмендегідей:**

30 жасқа дейін – 7 мұғалім (20%);

30–39 жас – 14 мұғалім (40%);

40–49 жас – 9 мұғалім (26 %);

50–59 жас – 5 мұғалім (14 %).

Педагогтердің орташа жасы – 39 жас.

Соңғы 3 жылда 30 жасқа дейінгі жас мамандар саны артқан. Бұл мектеп ұжымының жас мұғалімдермен жаңаруына байланысты. Жас ерекшеліктерін талдау мектепте тәжірибелі педагогтер мен жас мамандардың тиімді ынтымақтастығы үшін жеткілікті әлеует бар екенін көрсетеді.

**2.2. Біліктілік санаттары бар педагогтердің үлесінің талаптарға сәйкестігі**

Мектепте педагогтердің кәсіби дамуына жүйелі түрде жағдай жасалған. Педагогтер белгіленген мерзімдерде аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын арттыру немесе растау жұмыстарын жүргізеді.

Педагогтердің санаттық құрамы:

Бастауыш білім беру деңгейі

**Бастауыш сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер саны – 11.**

Олардың ішінде:

педагог-зерттеуші – 0;

педагог-сарапшы – 3;

педагог-модератор – 7;

педагог – 1.

**Педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардың үлесі – 27 %.**

**Негізгі орта білім беру деңгейі**

Негізгі мектепте жұмыс істейтін мұғалімдер саны – 17.

Олардың ішінде:

педагог-зерттеуші – 0;

педагог-сарапшы – 6;

педагог-модератор – 5;

педагог – 6.

**Педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардың үлесі – 35 %.**

**Жалпы орта білім беру деңгейі**

Орта буында жұмыс істейтін мұғалімдер саны – 7.

Олардың ішінде:

педагог-зерттеуші – 1;

педагог-сарапшы – 4;

педагог-модератор – 2.

**Педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардың үлесі – 57 %.**

Мектеп директоры мен директордың орынбасарлары белгіленген тәртіппен аттестаттаудан уақытылы өтеді. Басшы кадрлардың аттестаттау құжаттары кадрлық құжаттамада сақталады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде педагогтердің білім деңгейі мен кәсіби даярлығы біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

педагог-модератор – 16;

педагог-сарапшы – 9;

педагог-зерттеуші – 1;

педагог-шебер – 0;

санаты жоқ педагогтер – 9.

Біліктілік санаттары бар педагогтердің үлесі қолданыстағы біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Соңғы бес жыл ішінде педагогтердің біліктілік санаттарын растау және арттыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілген. Аттестаттаудан өткен педагогтердің құжаттары мектепте сақталған.

Соңғы бес жылда аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар, шығармашылық және спорттық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған педагогтер бар.

Олардың ішінде:

аудандық деңгейдегі жеңімпаздарды дайындаған педагогтер – 20;

облыстық деңгейдегі жеңімпаздарды дайындаған педагогтер –2 ;

республикалық деңгейдегі қатысушылар мен жеңімпаздарды дайындаған педагогтер – 1.

Жүргізілген талдау нәтижесінде педагогтердің біліктілік деңгейі мен санаттық құрамы нормативтік талаптарға сәйкес келетіні анықталды.

**2.3. Басшы кадрлар мен педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі**

Азат ауылының жалпы білім беретін мектебінде басшы кадрлар мен педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында біліктілікті арттыру курстарынан өтуі жүйелі түрде ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мектеп басшысы, директордың орынбасарлары және педагогтер кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Біліктілікті арттыру туралы мәліметтер:

мектеп директоры – курстан өткен жылы:2026ж;

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 2;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 2;

педагогтердің жалпы саны – 35;

соңғы үш жыл ішінде біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтер саны – 100%;

курстан өтпеген педагогтер саны – 0%.

Педагогикалық қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мектеп басшысы мен педагог арасында жасалатын еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

Кадрларды іріктеу және орналастыру:

мектептің жұмыс оқу жоспарының қажеттіліктеріне сәйкес;

педагогтердің біліктілік деңгейі мен санатын ескере отырып;

жоспарлы және мақсатты түрде жүргізіледі.

Жаңа оқу жылына кадрларды алдын ала жинақтау және оқу жүктемесін бөлу жыл сайын мамыр айында жүргізіледі. Бұл мұғалімдерге келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын алдын ала әзірлеуге мүмкіндік береді.

Оқу жүктемесін бөлу кезінде:

әдістемелік бірлестіктің пікірі;

педагогтің кәсіби деңгейі;

сабақтастық қағидаты;

мұғалімнің коммуникативтік және тұлғалық қасиеттері ескеріледі.

Мектеп әкімшілігі педагогтердің жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, шығармашылықпен жұмыс істеуіне және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөледі.

Педагогтердің кәсіби шеберлігі олардың жетістіктерінен көрінеді. Аттестаттау кезеңінде көптеген мұғалімдер кәсіби жетістіктері үшін түрлі марапаттарға ие болды.

Білім беру сапасын арттыру мұғалімнің дайындық деңгейі мен кәсібилігіне, оның құзыретіне тікелей байланысты, сондықтан педагог кадрларды қайта даярлауға көп көңіл бөлінеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігіне де елеулі талаптар қойылады.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға «Өрлеу», АҚ «Біліктілікті арттыру

Ұлттық орталығы» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» базасында, “ӨРКЕН” ҰҒПИ, ҚРОқу-Ағарту министрлігінің “Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбие орталығы” РМҚК, КМЦПК біліктілікті арттыру курстары ықпал етеді.

Мектеп әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді.

2025-2026 оқу жылында біліктілігін арттырған педагогтар.

| № | Аты - жөні | тақырыбы | Берілген оқу орыны | жылы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аманжол Кумисай | “Қазіргі заманғы менеджмент және көшбасшылық негіздері” 80сағат | Дарын Ұстаз ПКБАО | 2026ж |
| 2 | Аншыбай Майрагуль | Педагогтердің пәндік құзыретін дамыту : химия мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі” 80 сағат | ЦПМ | 2025ж |
| | | “Жаратылыстану білім беру саласы пәндерін оқытуды цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолдану” 80 сағат | ЦПМ | 2025ж |
| | | ”Біртұтас мектеп:оқу мен тәрбиені басқаруадағы тиімді менеджмент”  курс 80 сағ | “Өрлеу” БАҰОАҚ | 2026ж |
| 3 | Мұратбек Айнұр | “Қазіргі заманғы менеджмент және көшбасшылық негіздері” 80сағат | Дарын Ұстаз ПКБАО | 2026ж |
| 4 | Суханберді Бақытжан Сайдуллаұлы | “Қазіргі заманғы менеджмент және көшбасшылық негіздері” 80сағат | Дарын Ұстаз ПКБАО | 2026ж |
| 5 | Аманжол Кумисай | Көркем еңбек: жасанды интеллект, стем және кәсіпкерлік” 80 сағат | Дарын Ұстаз ПКБАО | 2026ж |
| 6 | Едилипова Дария Маратовна | “Инновации и современные технологии в обучении химии” 80 сағат | “Өрлеу” БАҰОАҚ | 2026ж |
| | | “Мектеп директоры орынбасарларының кадрлық резерві: басқаруға кіріспе және әлеуетті дамыту” 360 сағат | ЦПМ | 2025ж |
| 7 | Әскерхан Ауғанбай | Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі” 80 сағат<br><br>“Орта білім беру ұйымдарында | ЦПМ | 2026ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | экстремизм мен терротизмнің алдын алу" 80 сағат | Өркен | 2025ж |
| 8 | Мурат Дәулетбек | "Музыка" пәнінің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды интеграциялау 80 сағат | "Өрлеу" БАҰОАҚ | 2025ж |
| 9 | Аманжол Меруерт | Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі" 80 сағат | ЦПМ | 2025ж |
| 10 | Галимова Замазагуль Айдарбековна | Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: орыс тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі" 80 сағат | ЦПМ | 2025ж |
| 11 | Суханберді Қарлығаш Қошқарбайқызы | МАТЕМАТИКА ОҚЫТУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР | Дарын Ұстаз ПКБАО | 2026ж |
| 12 | Аитжанова Динара Кайратовна | «Инклюзивное образование в общеобразовательных организациях образования» 80 сағат<br><br>"Орта білім беру ұйымдарында экстремизм мен терротизмнің алдын алу" 80 сағат | Өркен | 2026ж |
| 13 | Семби Паруар | «Математика мұғалімдерінің фасилитаторлық қызметін жетілдіру арқылы білім алушылардың метапәндік дағдыларын дамыту» 80 сағат | Педагогтар мен психологтар академиясы | 2026ж |
| 14 | Тлеуберд Майрагуль | "Заманауи бастауыш сынып мұғалімі: кәсіби дамудың негізгі бағыттары" 80 сағат | "Алтын білім кілті" ОӘО | 2026ж |
| 15 | Тогтарбай Жанаргуль | "Заманауи бастауыш сынып мұғалімі: кәсіби дамудың негізгі бағыттары" 80 сағат | "Алтын білім кілті" ОӘО | 2026ж |
| 16 | Хусаинова Гаухар Нұрланғазиевна | "Заманауи бастауыш сынып мұғалімі: кәсіби дамудың негізгі бағыттары" 80 сағат | "Алтын білім кілті" ОӘО | 2026ж |
| 17 | Тойлан Асылболат | "Орта білім беру ұйымдарында экстремизм мен терротизмнің алдын алу" 80 сағат | Өркен | 2025ж |
| 18 | Паладичук | "Орта білім беру ұйымдарында | Өркен | 2025ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сергей Васильевич | экстремизм мен терротизмнің алдын алу” 80 сағат | | |
| 19 | Рахат Айсұлу | “Орта білім беру ұйымдарында экстремизм мен терротизмнің алдын алу” 80 сағат | Өркен | 2025ж |

2025-2026 жылы біліктілігін арттырған педагогтер саны

| **Барлық педагогтер саны** | **Алдын алу бойынша** | **Инклюзивті білім беру бойынша** | **Пән бойынша** | **Басшылық** | **Пайыздық көрсеткіштер** |
|---|---|---|---|---|---|
| Педагогтер-35; әлеуметтік педагог-2; педагог-психолог-1 | 4 | 1 | 13 | 4 | 58 % |

Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайтын сертификаттары жеке істерінде сақталған.

Қорытындылай келе, мектептің басшы кадрлары мен педагогтері біліктілікті арттыру курстарынан уақтылы өтіп, кәсіби құзыреттіліктерін тұрақты жетілдіруде. Бұл көрсеткіш қолданыстағы заңнама талаптарына толық сәйкес келеді.

тарау. Мектеп контингентінің сипаттамасы

## 3 тарау. Білім алушылар контингенті

### 3.1. Білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және бітіру қағидалары талаптарының сақталуы туралы

Азат ауылының жалпы білім беретін мектебінде білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және бітіру жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушыларды қабылдау ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініштері негізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер арқылы жүргізіледі. Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру белгіленген тәртіпке сәйкес ресімделеді. Мектеп бітірушілеріне негізгі орта және жалпы орта білім туралы құжаттар қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес беріледі.

2025-2026 оқу жылындағы білім алушылар контингенті туралы мәлімет №8 қосымша

http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/content/metodicheskim-rekomandaciyam

2025–2026 оқу жылының басындағы контингент:

| **Білім беру деңгейі** | **Сыныптар саны** | **Оқушы саны** |
|---|---|---|
| Бастауыш білім беру (1–4 сынып) | 8 | 55 |
| Негізгі орта білім беру (5–9 сынып) | 10 | 58 |
| Жалпы орта білім беру (10–11 сынып) | 4 | 9 |
| **Барлығы:** | 22 | 122 |

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушы жоқ.

Білім алушылар қозғалысы туралы мәлімет

Оқу жылы ішінде білім алушылар қозғалысы заңнама талаптарына сәйкес жүргізілді.

| **Көрсеткіш** | **Оқушы саны** |
|---|---|
| Оқу жылының басындағы контингент | 121 |
| Қабылданған оқушылар | 2 |
| Басқа мектепке ауысқан оқушылар | 1 |
| Мектептен шығарылғандар | 0 |
| Оқу жылының соңындағы контингент | 122 |

Ұсынылған құжаттарды зерделеу нәтижесінде білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және бітіру жұмыстарының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес жүргізілетіні анықталды.
Мектепте 2025-2026 оқу жылында 90 отбасының 122 баласы білім алады. Бастауыш буында: 1-4 сыныптарда 55 оқушы оқиды, орта буында:5-9 сыныптарда 58 оқушы оқиды, Жоғары буында: 10-11 сыныптарда 9 оқушы білім алады.
Ағымдағы оқу жылында мектепке келген 2 кеткен 1 оқушы болды. Мектепішілік бақылауда тұрған оқушылар жоқ. Ата-анасы жоқ балалар жоқ. Барлық балалар мектепке дайын, оқулықпен толық қамтылған.
Оқу жылының соңында оқушы саны-122

| Оқу жылы | 2-11 сынып оқушылар саны | Оқу озаттары | Оқу екпінділері | Білім сапасы |
|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 оқу жылы | 104 | 17 | 62 | 65,2% |
| 2024-2025 оқу жылы | 115 | 18 | 58 | 66% |
| 2025-2026 | 113 | 20 | 56 | 67% |

### 3.2. Сыныптардың толықтырылуына және оларды топтарға бөлуге қойылатын талаптардың сақталуы туралы

Азат ауылының жалпы білім беретін мектебінде сыныптардың толықтырылуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес қалыптастырылған.

Сынып-комплектілердің саны мен оқушылар контингенті мектептің жобалық қуаты мен санитариялық нормаларға сәйкес келеді.

Сыныптардың толықтырылуы туралы мәлімет

| **Оқыту қазақ тіліндегі сыныптар** | **Оқушы саны** | **Оқыту орыс тіліндегі сыныптар** | **Оқушы саны** |
|---|---|---|---|
| 1-сынып | 7 | 1-сынып | 2 |
| 2-сынып | 14 | 2-сынып | 8 |
| 3-сынып | 4 | 3-сынып | 8 |
| 4-сынып | 9 | 4-сынып | 4 |
| 5-сынып | 7 | 5-сынып | 4 |
| 6-сынып | 5 | 6-сынып | 5 |
| 7-сынып | 5 | 7-сынып | 8 |
| 8-сынып | 6 | 8-сынып | 5 |
| 9-сынып | 3 | 9-сынып | 9 |
| 10-сынып | 3 | 10-сынып | 1 |
| 11-сынып | 2 | 11-сынып | 3 |

Мектепте жекелеген пәндер бойынша сыныптарды топтарға бөлу қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде топтарға бөлу тек “көркем еңбек” пәнінен гендерлік “ұлдар” және “қыздар” болып бөлініп оқытылады. .

Құжаттарды талдау нәтижесінде сыныптардың толықтырылуы мен оларды топтарға бөлу мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

### 3.3 Оқу жылының ұзақтығы және каникул кезеңдері туралы

2025–2026 оқу жылында:

- 1-сыныптарда оқу жылының ұзақтығы – 33 оқу аптасы;
- 2–11 сыныптарда – 34 оқу аптасы.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдері Аққөл аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 15 шілдедегі №44 бұйрығымен бекітілген.

Соған сәйкес:

1. 2025–2026 оқу жылының басталуы – 2025 жылғы 1 қыркүйек;
2. оқу жылының ұзақтығы:
   - 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы;
   - 2–11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;
3. оқу жылы ішіндегі демалыс кезеңдері:

**1–11 (12) сыныптар үшін:**

- күзгі демалыс – 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан 2 қарашаға дейін қоса алғанда);
- қысқы демалыс – 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан 2026 жылғы 7 қаңтарға дейін қоса алғанда);
- көктемгі демалыс – 11 күн (2026 жылғы 19 наурыздан 29 наурызға дейін қоса алғанда).

**1-сынып оқушылары үшін қосымша демалыс:**

- 7 күн (2026 жылғы 9 ақпаннан 15 ақпанға дейін қоса алғанда).

2–11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

1-сыныптарда сабақтар «сатылы» режимде ұйымдастырылады:

- қыркүйек айында – күніне 35 минуттан 3 сабақ;
- қазан айынан бастап – 45 минуттық сабақтар.

Сабақ барысында санитарлық қағидаларға сәйкес сергіту сәттері мен көзге арналған гимнастика өткізіледі.

## 4 тарау. Оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуының нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы

### 4.1. Жұмыс оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі

Мектептің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген және бекітілген.

Мектептегі оқыту Қазақстан Республикасының бастауыш және негізгі орта білім

берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш және негізгі орта білімнің базалық мазмұны инварианттық бөлімдегі оқу пәндері арқылы толық көлемде іске асырылады.

«Азат ауылының жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 2025–2026 оқу жылындағы стандарты келесі нормативті құжаттарды басшылыққа ала дайындаған.

1–4 сыныптардағы оқу үдерісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (2-қосымша) негізінде ұйымдастырылды;

5–9 сыныптардағы оқу Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (3-қосымша) негізінде жүзеге асырылды;

10-11сыныптардағы білім беруді жоспарлау ҚР Білім министрінің бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 тамыздағы No 348 ( 4-қосымша ).

Жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығымен бекітілген қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бастауыш сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленді.

Оқу үдерісін ұйымдастыру барысында «2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хаттың негізгі ережелері пайдаланылды.

Жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беруге арналған үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасалды.

Азат ауылының жалпы білім беретін мектебінде:

2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары бекітілген;

сабақ кестелері оқу жоспарына сәйкес құрылған және ата-аналар комитетімен келісілген;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары қолданылады;

үлгілік оқу жоспарлары негізінде оқу процесі ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес инварианттық компонент пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар «Білім класс» электрондық журналында жарияланған.

Оқу бағдарламаларының орындалуына мектеп әкімшілігі тарапынан бақылау жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері барлық пәндер бойынша бағдарламалық материалдың ұзақ мерзімді жоспарлауға сәйкес орындалғанын көрсетті. Зертханалық және практикалық жұмыстар толық көлемде өткізілді.

Оқу жоспарлары қажетті біліктілік деңгейіндегі педагог кадрлармен, бағдарламалық-әдістемелік материалдармен және оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Мереке күндеріне сәйкес келіп қалған сабақтар қайталау сағаттары есебінен бағдарламалық материалды кіріктіру арқылы толықтырылды.

2025–2026 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламалары толық көлемде іске асырылды.

Құжаттарды талдау нәтижесінде жұмыс оқу жоспарының нормативтік талаптарға сәйкес екендігі анықталды.

### 4.2. Оқу үдерісін жоспарлау мен іске асырудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі

Оқу процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Мектептің электрондық журналдарында барлық пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар енгізілген және жүйелі түрде жүргізіледі.

Оқу пәндерінің мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес меңгертіледі және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген күтілетін нәтижелерге қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес инварианттық компонент пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар «Білім класс» электрондық журналында жарияланған.

Оқу бағдарламаларының орындалуына мектеп әкімшілігі тарапынан бақылау жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері барлық пәндер бойынша бағдарламалық материалдың ұзақ мерзімді жоспарлауға сәйкес орындалғанын көрсетті. Зертханалық және практикалық жұмыстар толық көлемде өткізілді.

Оқу жоспарлары қажетті біліктілік деңгейіндегі педагог кадрлармен, бағдарламалық-әдістемелік материалдармен және оқулықтармен қамтамасыз етілген.

2025–2026 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім

беру бағдарламалары толық көлемде іске асырылды.

## 4.3. Бейінді оқытуды жүзеге асыру

Жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді оқыту білім алушылардың білім алу қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып ұйымдастырылған.

Жалпы орта білім деңгейіне келген 10 «А» және 10 «Б» сынып оқушылары мен ата-аналарға өткен оқу жылының аяғында профиль таңдау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Ата-аналар жиналысының хаттамасы негізінде «жаратылыстану-математика» бағыты таңдалған.

Үлгілік оқу жоспарында (86,88-қосымшалар) инвариантты және вариативті компоненттер берілген.

Оқытудың профиль ойынша жаратылыстану математика пәндері тереңдетілген деңгейлері оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

## 4.4 Вариативтік компоненттің жүзеге асырылуы

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес вариативтік компонент енгізілген.

Мектепте:

факультативтік сабақтар;

вариативтік компонент аясындағы пәндер

оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі және бекітілген бағдарламалар негізінде іске асырылады.

Вариативтік оқу жүктемесінен **1«А», 2 «А» ,«3«А»,4«А», 2«Б»** сыныптарында апталық оқу жүктемесі **1 сағаттан** өткізіледі:

- 1 «А» сынып 1 сағат жалпы жылына 33 сағат **«Математика және логика»;**

- 2 «А» сынып 1 сағат **«Математика және логика»;**

- 2 «А» сынып 1 сағат **«Жылдам оқу»**;

- 3 «А» сынып 1 сағат **«Математика және логика»**;

- 4 «А» сынып 1 сағат **«Математика және логика»;**

- 2 «Б» сынып 1 сағат **«Скорочтение»**

**«Жаһандық құзыреттілік»:**

5«А» – 0,5 сағат;

6«А» – 0,5 сағат;

7«А» – 0,5 сағат;

8«А» – 0,5 сағат;

9«А» – 1 сағат.

«Глобальные компетенции»:

5«Б» – 0,5 сағат;

6«Б» – 0,5 сағат;

7«Б» – 0,5 сағат;

8«Б» – 0,5 сағат;

9«Б» – 1 сағат.

2025–2026 оқу жылында 10-сыныптардағы оқу үдерісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік стандарттың (4-қосымша) негізінде жүргізілді.

Жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 қазандағы бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленді.

10 -11 сыныптарда вариативтік бөлім есебінен:

10 «А», 10 «Б», 11 «А». 11 «Б» сыныптарында **«Жаһандық құзыреттер»** жалпылау курсы (аптасына 1 сағат);

10 «А», 10 «Б», 11 «А». 11 «Б» сыныптарында **«Робототехника»** элективтік курсы (аптасына 1 сағат);

10 «А» сыныптарында **«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»** курсы (аптасына 1 сағат) жүргізіледі

11 «А» сыныптарында **"Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер"** курсы (аптасына 1 сағат) жүргізіледі

Вариативтік компонент бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етумен толық қамтылған және бағаланбайды.

Бекітілген жұмыс оқу жоспары негізінде сабақ кестесі жасалып, ата-аналар комитетімен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген.

### 4.5. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының жүзеге асырылуы

2025-2026 оқу жылында Бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығыбасшылыққа алынды.1-4сыныптарда **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** оқу курсын міндетті меңгеруқамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4сыныптарда **"Дүниетану"** оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1«А», 1«Б», 2 «А», 2«Б» , 3 «Б», 3 «А» сыныптарда 6 сағаттан, 4 «А», 4 «Б»сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.Сонымен  қатар 5 «А»,5«Б», 6 «А», 6 «Б»,7«А» ,8 «А»,7 «Б», 8 «Б», 9 «А», 9 «Б» сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және **дене шынықтыру пәні** мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. 10–11 сыныптарда **«Өмір қауіпсіздігі негіздері»** курсының мазмұны **«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»** пәні аясында жүзеге асырылады. Жылдық оқу жүктемесі:

10-сыныпта – 12 сағат;

11-сыныпта – 16 сағат.

Сабақтарды алғашқы әскери дайындықтың ұйымдастырушы-оқытушысы өткізеді.

Сабақтар барысында білім алушыларға жол қозғалысы қауіпсіздігі және жолда өзін-өзі ұстау мәдениеті бойынша білім беріледі.

## 4.6. Оқу жүктемесінің нормативтік талаптарға сәйкестігі

Білім алушылардың апталық және жылдық оқу жүктемесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу жоспарларында белгіленген көлемнен аспайды.

Инварианттық және вариативтік компоненттерді қамтитын жалпы оқу жүктемесі:

сыныптар бойынша апталық жүктеме нормаларына;

жылдық оқу жүктемесіне;

оқу жоспарының талаптарына толық сәйкес келеді.

Жыл сайын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады, МЖМБС-да белгіленген нормаларға сәйкес келеді.

| | 2025-2026 |
|---|---|
| 1-4 сыныптар | «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі, орта жалпы білім беру үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.06.2024 № |

| | |
|---|---|
| | 161 өзгерістер мен толықтыру енгізілген) (1,2-қосымшалар) |
| апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі | 1 «А» кл – 19,5<br>2 «А» кл – 24<br>3 «А» кл – 26<br>4 «А» кл – 26<br>1 «Б» кл – 20,5<br>2 «Б» кл – 24<br>3 «Б» кл – 26<br>4 «Б» кл – 27 |
| 5-9 сыныптар | ҚР Білім министрінің бұйрығымен бекітілген 2012 жылғы 08 тамыздағы № 500 ( 6-7 қосымша ).Топтарға бөлу туралы №406 23.09.2022ж<br>с |

| | |
|---|---|
| | |
| апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі | 5«А» кл – 28,5<br>6«А» кл – 28,5<br>7«А» кл – 31,5<br>8«А» кл – 32,5<br>9«А» кл – 34<br>5«Б» кл – 29,5<br>6«Б» кл – 29,5<br>7«Б» кл – 32,5<br>8«Б» кл – 33,5<br>9«Б» кл – 35 |
| 10-11 сыныатар | ҚР Білім министрінің бұйрығымен бекітілген |

| | |
|---|---|
| | 2012 жылғы 08 тамыздағы № 500 (86, 88 қосымша ). |
| апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі | 10 «А» кл – 35<br><br>10 «Б» кл – 36<br><br>11 «А» кл – 35<br><br>11 «Б» кл – 36 |

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепте:

қалыптастырушы бағалау;

жиынтық бағалау;

тоқсандық және жылдық бағалау рәсімдері

белгіленген тәртіппен  кесте бойынша жүргізіледі. Тоқсан сайын мектеп бойынша БЖБ/ТЖБ жұмыстарының жүргізілу кестесі жасақталынған.

http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/content/grafik-provedeniya-rabot-sor-soch

БЖБ/ТЖБ кестесі 2025-2026 оқу жылы

Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес қолданылып, білім алушылардың жетістіктері объективті бағаланады. Мектеп мұғалімдерінің ТЖБ, БЖБ 2-11 сыныптарына жүргізілуіне бақылау жүргізілді. ТЖБ, БЖБ барлық пәндер бойынша бағдарламаға сәйкес жазылған. Құрастырғанда уақыт пен бағалау критерийлері, тыңдалым, оқылым, жазылым, дағдылары қамтылған. Балл қою кестесіне сәйкес келеді.

Жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу негізінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына ( бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды.

Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын акедемиялық адалдық принциптерін сақтай отырып өзі дайындайды. Пән мұғалімдері тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізілді ( тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым).Тыңдалым ( тыңдау) және айтылым

дағдыларын бағалау, жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі. Берілген кестеге сәйкес бір күнге үш сабқтан артық өткізілмеуі бақылауда.

Даулы мәселелер туындаған жағдайда білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазба түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективті және ашықтықты қамтамасыз ету үшін және немесе педагогикалық кеңестің шешімімен педагогтер қажет болған жағдайда, ТЖБ бағасы қойылғанда дейін бір күннен кешіктірмей модерация жүргізіледі. 2025-2026 оқу жылында бұндай мәселелер орын алған жоқ.

Балдары өзгертілуі тиіс болатын білім алушылардың тоқсандық жиынтық жұмыстарының модерациясы жүргізілген жағдайда олар қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша ТЖБ үшін балл өсу жағына да, азаю жағына да өзгеретіндігі педагогтерге ескертілген.

Білім алушылар жиынтық бағалау өткізу күні объективті себептерге байланысты ( денсаулық жағдайна байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты, барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурсына қатысу) болмаған жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырған оқушылар болмады.

Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (электрондық) журналға қойылады және осы Қағидаларға 1- қосымшаға сәйкес балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға және ата - аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне электрондық түрінде жіберіледі. Тоқсандық баға формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50% - да 50% пайыздық арақатынаста қойылды. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде жартыжылдыққа баға формативті бағалау және БЖБ нәтижесі бойынша қойылды. Қорытынды: Барлық сыныптар талапқа, бекітілген кестеге сәйкес өткізіліп, талдаулар жазылды

Білім сапасының ішкі мониторингі және мектепішілік бақылау жүйесі

Мектепте білім сапасының ішкі мониторингі және мектепішілік бақылау жүйесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

Бақылау барысында:

оқу бағдарламаларының орындалуы;

білім алушылардың оқу жетістіктері;

күтілетін оқу нәтижелерінің орындалуы;

педагогтердің құжаттамалары

жүйелі түрде зерделеніп отыра

Мектептің 2025–2026 оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттары негізінде әзірленіп, мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

***2025-2026 оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспары***

**http://sc0006.akkol.aqmoedu.kz/content/vnutrishkolynyy-kontroly**

Мектепішілік бақылаудың мақсаттары:

Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін және денсаулық жағдайын ескере отырып, білім алушылардың даму динамикасын бақылау, олардың білім беру әлеуетін жүзеге асыру негізінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру. Оқушы бойына құндылықтарды насихаттау арқылы «Адал азамат» қалыптастыру

Мектепішілік бақылаудың міндеттері:

Білім берудің  заманауи оқыту, соның ішінде форматты оқытуды іс-тәжірибеге кеңінен енгізу арқылы оқушылардың білімге құштарлығын жетілдіру жолдарын қарастыру;

Оқушылардың білім сапасын арттыру мен білім олқылықтарын толықтыру жұмыстарын кеңінен қарастыру;

Педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби біліктілігі мен шеберліктерін дамыта отырып, санаттарын көтеру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.

**Оқу жылы барысында мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес барлық бағыттар бойынша бақылау іс-шаралары жүргізілді.**

***1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау***

2025–2026 оқу жылы барысында нормативтік-құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету және мектеп құжаттамасының талаптарға сәйкес жүргізілуін бақылау жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

Бақылау барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерінің, әдістемелік ұсынымдарының, білім беру ұйымының ішкі нормативтік құжаттарының орындалу деңгейі зерделенді. Мектептің басқару қызметіне қатысты бұйрықтар, педагогикалық кеңес хаттамалары, әдістемелік бірлестіктердің құжаттары, сынып журналдары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, қысқа мерзімді жоспарлар, оқушылардың жеке істері, алфавиттік кітаптар және басқа да міндетті құжаттар жүйелі түрде тексеріліп отырды.

Жыл бойы жүргізілген бақылау нәтижесінде:

мектеп құжаттамасының жүргізілу жағдайына тоқсан сайын мониторинг жасалды;

электрондық журналдарды жүргізу сапасы талданып, уақытылы толтырылуы қадағаланды;

педагогтердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі тексерілді;

бұйрықтардың рәсімделуі мен тіркелуі бақылауға алынды;

оқушылардың жеке іс қағаздарының толықтығы мен сақталу талаптарының орындалуы қарастырылды;

сынып жетекшілерінің құжаттамалары мен тәрбие жұмысы жоспарларының жүргізілу сапасы сараланды.

Тексеру барысында анықталған кемшіліктер бойынша жауапты тұлғаларға нақты ұсынымдар беріліп, белгіленген мерзімде түзету жұмыстары жүргізілді. Қайталама бақылау нәтижелері кемшіліктердің басым бөлігінің жойылғанын көрсетті.

Құжаттамаларды жүргізу мәдениетін арттыру мақсатында педагогтерге әдістемелік кеңестер ұйымдастырылып, нормативтік құжаттардағы өзгерістер мен толықтырулар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әкімшілік тарапынан жеке және топтық консультациялар беріліп отырды.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде мектеп құжаттамасының басым бөлігі белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілгені анықталды. Құжаттардың уақытылы толтырылуы, сақталуы және рәсімделуі бойынша жауапкершілік деңгейі артты.

***2. Оқу процесінің сапасын ұйымдастырылуын бақылау***

2025–2026 оқу жылы ішінде оқу процесінің сапасын бақылау мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Бақылау барысында:

сабақтарға қатысу және талдау жүргізілді;

мұғалімдердің оқу бағдарламаларын орындауы қадағаланды;

күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың орындалуы тексерілді;

қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелері талданды;

білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштеріне мониторинг жүргізілді;

оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және толықтыру жұмыстары бақылауға алынды;

пәндер бойынша білім сапасының динамикасы зерттелді.

Оқу жетістіктерінің мониторингі

Тоқсан сайын жүргізілген мониторинг нәтижесінде білім алушылардың оқу жетістіктеріне талдау жасалды.

Республика күніне орай өткізілген 5-11 сыныптар арасында ұлттық ойындардан жарыс өткізіліп, озып шыққан оқушыларға аудандық жолдама берілді. Аудандық «Ұлттық мектеп Лега» бағдарламасы аясында «Бес асық» ойынынан жастар спартакиадасынан Азат мектебінің оқушылар командасы жүлделі үшінші орынды иеленді. Жетекшісі: А. Болатхан.

Республика күніне орай кітапханада «Менің Отаным - Қазақстан» атты бастауыш сыныптар арасында викториналық сабақтар өткізілді.

Сонымен қатар 1-11 сыныптар арасында ҚР Мемлекеттік Әнұранның орындалуы мен Республика күнінен орай бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

«Тәуелсіз елдің ұрпағы» атты патриоттық әндер челленджі өтті. Оған мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары қатысты.

Жоспарға сәйкес, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта дебат өткізілді. Жетекшісі: А. Кабидошева

Мерекеге орай мұғалімдер арасында волейбол жарысы өтті. Сайысқа 4 команда қатысты. Ойын өте тартысты өтті. Жеңіске жеткен командаларға диплом табысталды.

Мерекені қорытылау мақсатында «Еңсесі биік егемен ел» атты мерекелік іс-шарамен аяқтады. Азат ауылдық округінің әкімі С.Ж. Идрисов мектебіміздің бірқатар ұстаздары мен ауыл азаматтарын марапаттады.

Сонымен қоса, қазан айының үшінші аптасында «Алтын күз» мерекесі аталып өтті. 1-11 сынып оқушылары белсене ат салыса отырып, күзгі қолөнер жасап, ән айтып, би билеп, шеберлік жұмыстарын да жасады. Ал жоғары сынып оқушыларының арасында күзгі балл, яғни «Күз ханшайымы мен патшайымы» сайысы өтті. Кеш оқушылардың көңілінен шығып, жоғары деңгейде аталып өтті.

ІІ тоқсанның аяқталуына орай онлайн форматта ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысты барлық сынып жетекшілері өткізді. Жиналыста мына сұрақтар талқыланды.

Жол-транспорт оқиғалары;

Құқықбұзушылықтың алдын алу;

Интернет қауіпсіздігі;

Буллинг және кибербуллинг

Демалыс кезіндегі қауіпсіздік;

Жиналыстың хаттамасы толтырылып, директордың ТІЖ орынбасарларына тапсырылды.

Сонымен қатар, оқушыларды күзгі демалысқа жіберер алдында қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында күзі демалыс жоспары құрылды. Оқушылар мен сынып жетекшілері жүктелген жұмыстар уақытымен орындалып, әлеуметтік желіге жүктеліп отырды.

https://www.instagram.com/p/DYjTXF2DdXL/?igsh=MWtxc3l5dGkwM3B3dg==

https://www.instagram.com/p/DYmvPqpDfzr/?igsh=bzZlZHBrOHB2dG85

https://www.instagram.com/p/DPdF6JciG3I/?igsh=MW5rdzIxeGE2ZmVmeg==

https://www.instagram.com/reel/DPyEkhpjZG8/?igsh=MXB4dW1lcmt5YWZqeQ==

https://www.instagram.com/p/DQBUrO4COuy/?igsh=MW95eXdzbmVmY2hzbA==

https://www.instagram.com/reel/DQEBzg8jbrD/?igsh=anRoN2UzeDVkZmw1

**Қараша айы:**

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 6 «А» сынып оқушыларына танымдық сабақ өткізілді. Сонымен қатар 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай үзіліс кезінде 5-11 сынып оқушыларына додокаэдр әдісін қолданып, ойын сабағы өткізілді. «Жұмекен - шалқар дарын» атты атты 3-6 сынып оқушылары арасында шығармашылық сағат өткізілді.

8 «Б» сынып оқушылары арасында «Экстремизм және терроризм» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Өткізген тарих пәнінің

мұғалімі: Е.Э. Абасс

Жоғары сынып оқушылары арасында «Толенранттылық – үйлесімді өзара қарым-қатынас негізі» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Жол жүру ережесі бойынша 5-6 сыныптарда «Жол жүру ережесі» сынып сағаты мен «Знаем ли мы ПДД» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Шабыт жобасы аясында «Мектеп театры» іс-шарасы негізінде 5 «А» сынып қыздары орындады. 6 «А» сынып қыздары арасында «Қызыл телпек» ертегісін орындады. Жетекшісі: К. Аманжол., М. Хасара.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Білімімді Отаныма арнаймын» тақырыбында 3-4 сыныптар арасында «Білімділер» атты зияткерлік сайысы және 9-11 сыныптар арасында «Білімді мыңды жығар» атты зияткерлік ойын сайысы өтті.

9-11 сынып оқушыларына қылмыстық алдын алу мақсатында «Дроппер» тақырыбында видео көрсетіліп түсіндіру жұмыстарын өткізді.

Аққөл ауданында өткен «Ұлттық мектеп легасы» бағдарламасындағы Аққөл ауданының жалпы білім беретін мектептерінің 9-11 сыныптары арасында волейбол сайысы өтті. Мектепбіміздің оқушыдары жүллделі III орынды иеленді. Жетекшілері: Ж.Орденхан., А. Ануарбек

15 қараша – Валюта күніне орай «Ұлттық валюта күні»/ «День Национальной валюты РК» бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Мектебіміздің педагог-психологы Д.К. Айтжанова «ПИЗА»-ға емтиханына психологиялық дайындау мақсатында «Экзамен без стресса» тақырыбында 9-сыныптар арасында тренинг өткізді.

«Защити себя от буллинга и права детей» атты сынып сағаттары өтті.

Осы аталмыш айда «Құқық» айлығы және Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз балалық шақ» апталығы аталып өтті. 9-11 сыныптар арасында «Сен өз құқығыңды білесің ба?» атты дөңгелек үстел, «Закон о правах ребенка»/ «Бала құқығы» атты сынып сағаттары, «Бақытты балалық шақ» атты суреттер көрмесі, «Профилактика и правонарушений среди подростков», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» атты жадынама таратылды.

9 сынып оқушысы Даурханқызы Аяла мектеп оқушылары және балалар қоғамдық ұйымдарының өзін -өзі басқару көшбасшылары арасындағы “Мен - елімнің ертеңімін” атты облыстық форумына қатысты.

https://www.instagram.com/p/DQT2mlvjebE/?igsh=MXM3eXV3NTA2d3FsMA==\

https://www.instagram.com/reel/DQYuBnvjTAJ/?igsh=OWR2cmx1czI1NDV3

https://www.instagram.com/p/DQtWt7njRfY/?igsh=MzYzZHE0cmE3cDJv\

https://www.instagram.com/p/DQtWt7njRfY/?igsh=MzYzZHE0cmE3cDJv

https://www.instagram.com/reel/DQvihQ7CHfy/?igsh=MXVqb3RyYWZkeWJ0

**Желтоқсан айы:**

Желтоқсан айының 2-сі күні мектепбіміздің педагог-психологы Д.К.Айтжанова психология аптағының ашылу салтанатын жасады. Апталықтың жоспарымен таныстыра отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыратын түрлі тренингтер өткізді.

1-4 сыныптар арасында «Біздің сынып көңілді», «Секретное слово - ваш семейный пароль», «Будь природе другом» атты с, ал 5-11 сыныптарда «Табиғатқа қамқорлық жасайық» атты сынып сағаттары өтті.

Желтоқсан айында жоспар бойынша бастауыш сынып оқушылары арасында «Бір сынып - бір кітап» акциясында оқыған ертегілерін талдады.

«Smart bala» жобасы аясында 7 «А» сынып оқушылары мен 6 «а» сынып оқушыларының біріге отырып, Startup байқауында өз шығармашылық жұмыстарын жасады. Жетекшісі: Б. Махбоз

«Жетістігімді еліме арнаймын» атты челленджі өтті. Мақсаты: Жастарды өз жетістіктерін жеке мақсаттарға емес, өз елімен қоғамның дамуына бағыттауға ынталандыру. Жауаптылар: А. Тойлан., Д.Мурат

Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралар негізінде «Еңсесі биік егемен ел» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Бірге кітап оқимыз» «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру аясында «Сыныппен кітап оқу» акциясы 4 «А» сынып оқушыларымен бірге құндылық сағаты өткізілді.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы негізінде «Егемендік – елдің баға жетпес игілігі» атты тақырыпта дебат өткізілді. Жетекшілері: А. Кабидошева

«Тәуелсіз елім – Қазақстан» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Жауаптылар: көркем еңбек пәнінің мұғалімі М. Хасара, К. Аманжол. «Тәуелсіз елім – Қазақстан» сурет байқауына қатысушылардың шығармашылық жұмыстары. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігі әр

штрихтан көрінеді. Бұл байқау 1–4 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған "Жеңіс әуендері" аудандық патриоттық әндер байқау - фестиваліне белсене қатысып, өз өнерін паш етіп, патриоттық рухты дәріптегені үшін "Көркем" триосы және Асемай Саяси марапатталды.

«Тәуелсіздің тұғырым», «Независимость Казахстана – основа стабильности и процветания», «Қазақстан тәуелсіздігі - мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты сынып сағаттары өтті.

Кітапханада жоспар бойынша 4-6 сынып оқушыларымен бірге Балалар кітапханасы жобасы аясында "Кітап оқу зиян емес, оқымау зиян" атты іс-шара (флешмоб) өтті. Мақсаты: жас ұрпақтың мәдениетін жетілдіру, бабалардың оқуға деген құштарлығын ынталандыру, дамыту.

Ата- аналарды педагогикалық қолдау:"Даналық мектебі" клубы "Әжелер клубы" мектебіміздегі әжелер "Әжелер даналығы" тақырбында шеберлік сабағы өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында 6"А" сынып оқушыларының ата - аналарына " Балаға үйрету ақылыңды мейірімге орап бер" атты тақырыпта әңгіме сабағы өткізілді.

"Қош келдің, Жаңа жыл!" атты мерекелік іс-шара 1-11 сыныптар арасында өтті. Барлық іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді. Мектепішілік бұйрық шығарылып, техникалық қауіпсіздік қатаң сақталды. Барлық іс-шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жүктелді.

Балалар кітапханасы жобасы аясында жоспар бойынша 5-7 сынып оқушыларымен бірге "Кітап-ғажайып әлем" атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға кітапты сүюге, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу, кітаптың адам өміріндегі аса маңызды рөлін түсіндіріп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқулықты күтіп ұстауға үйрету.

Сонымен қатар, 27.12 күні ауылдық учаскелік инспекторы Е.Ж. Сейсекеевтың қатысуымен №2 жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде мектеп директоры мен директордың орынбасарлары, мектеп психологы және учаскелік инспектор сөйледі. Ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, өз деңгейінде жауаптар берілді. Жиналыс соңында ата-аналармен психологиялық тренинг өткізілді. Мектеп директоры К. Аманжолқызы сөз соңында қаулымен таныстыра отырып, ата-аналарды жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

https://www.instagram.com/p/DRtUH7iCHBb/?igsh=MWlwN29pZ2F6Ym44bA==

https://www.instagram.com/p/DR1aIXMDdhD/?igsh=MWl2ZHN1ZHR1aWFtZQ==

https://www.instagram.com/reel/DSHs-yTjYlc/?igsh=OW40emV4bTdtN3Fw

https://www.instagram.com/p/DSIE4eHDRdn/?igsh=MXAzejBmcnRyYzZmcg==

https://www.instagram.com/p/DSJz4NZjbh0/?igsh=MXEyYXpxaGx2aGgybQ==

**Қаңтар айы:**

“Еңбегі адал  жас өрен” жобасы аясында 7 “А”сыныбы “Мамандықтар әлемі”, 2 “Б” сыныбы “В мире профессий” тақырыбында сынып сағатын өткізді. “Біртұтас тәрбие” жоспарының негізінде бастауыш сыныптар арасында “Мамандық түрлері” атты сынып сағаты өтті. Ал 1-11 сыныптар арасында “Заң және тәртіп” қаңтар айында “Терроризм - угроза миру”, “Детство без насилия”, Сыбайластыққа жол жоқ”, “Зорлық зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Интернет-алаяқтық саласындағы балалардың қауіпсіздік мәселесі және оқушылардың қаржылық қауіпсіздігі айшықтар өткізілді. 5-7 сыныптар үшін “Цифрлық гигиена” тақырыбы анықталды. 8-9 сыныптар үшін “Алаяқ және онлайн шоппинг” тақыбында өтті. 10-11 сыныптар үшін “Дропперы” тақырыбында сыныптан тыс сабақ өтті.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы жоспары аясында “Есірткіге жол жоқ” атты челленджі өтті. Іс-шараға 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Мектептің педагог-психологы Д.К. Айтжанова “Есірткіге жол жоқ!” атты сыныптан тыс іс-шара өтті. Оқушылар бейнежазба көре отырып, есірткінің адам денсаулығына тигізетін зияны туралы түсінік алды. Бейнежазбадан соң, плакатқа сызбалар сызып, іс-шараны өз деңгейінде өткізді.

Аудандық “Шаңғы шақырады - 2026” фестиваліне мектебіміздің белсенді оқушылары мен ұстаздары белсене ат салысты. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Паладийчук Сергей Васильевичтің бастауымен өткен фестиваль өте тартымды болды. Фестиваль ұйымдастырушының құттықтау сөзімен басталды.

Біртұтас бағдарламасы аясында “Заң және тәртіп" құндылығы негізінде 8"А" сыныбына "Көше қиылыстарын, жүргіншілер қателерін, қоғамдық көлік

аялдамаларын жүріп өту" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты: оқушыларға жол жүру ережесін түсіндіру және қауіпсіздікті сақтау.
Сынып жетекшісі: Едилипова Д.М

«10–11 сыныптар арасында „Қазақстан тәуелсіздігі: жетістіктер мен болашақ“ тақырыбында дебат ұйымдастырылып, өткізілді. Пікірсайыс барысында оқушылар еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін талқылап, болашақ даму бағыттары жөнінде өз ой-пікірлерін ортаға салды. Дебат оқушылардың сыни ойлау қабілетін арттырып, азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етті.»
Өткізген: А. Кабидошева

Жоспар бойынша “Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Мен оқыған бір кітап” тақырыбы бойынша 10”А” сынып оқушысы Орденхан Шұғыла “Шұғаның белгісі”, 7”А” сынып оқушысы Жексенбай Даяна “Жутко громко и запредельно близко, повестлерін оқыса, 5”А”сынып оқушылары Нұрмұхамед Інжу, “Қоян мен сәбіз”, Тойлан Арайлым “Айбалта”, 4 “А” сынып оқушысы Орденхан Айғаным “Түлкі мен тырна” ертегілерін оқып, кітап мазмұнын қағаз бетіне түсіріп сурет арқылы жеткізді.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 7-11 сынып оқушылары үшін профилактикалық бағыттағы фильмдер көрсетілді. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ есірткі құралдарының заңсыз айналымына қатысты теріс көзқарас қалыптастыруға бағытталған профилактикалық және тәрбиелік жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында оқушыларға тақырыптық бейнематериалдар ұсынылды.

https://www.instagram.com/p/DTHb4ycCDOs/?igsh=MThsMWxieGVhdWJzZA==

https://www.instagram.com/reel/DTKF5GZCGDo/?igsh=MWEybWVkcWh5czRmeg==

https://www.instagram.com/p/DTKLSMpiOFn/?igsh=c2VsNjI1a2xwZTQ1

https://www.instagram.com/p/DTU_cmtDd40/?igsh=OHU3bmZ4MzVlZHd2

https://www.instagram.com/reel/DTcxA8MjbfW/?igsh=dno0Znhtemhwc3Zt

**Ақпан айы:**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Еңбегі адал - жас өрен" жобасы негізінде мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына арнап " Мамандықтар марафоны " байқауы өткізілді. Іс - шарада оқушыларға қазіргі замандағы

қажетті мамандық түрлері таныстырылып бағыт - бағдар берілді.
Өткізген: А. Саяхат

“Балалар кітапханасы” жобасы аясында виртуалды кітап көрмесі ұйымдастырылып Жыл кітабына насихаттау жұмысы жүргізілді. Жыл сайын дәстүрге айналған ”Бір ел - бір кітап” республикалық акциясы өз жалғасын табуда. Аталмыш акция аясында биыл ұлы жазушы, қоғам қайраткері Қабдеш Жұмаділовтың көрнекті шығармасы ”Тағдыр” романын таңдады. Республикалық акцияның мақсаты - қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік - рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметіне көтеру.

Тәрбиелік мәні зор «Хулиганка» фильмі көрерменге жасөспірімдердің мінез-құлқы, орта әсері, дұрыс таңдау жасау және жауапкершілік тақырыптарын терең көрсетеді. Фильмде өмірдің түрлі сынақтарына тап болған кейіпкердің ішкі жан дүниесі, қателіктері мен олардан сабақ алуы бейнеленеді.Аталған фильмді көрсету арқылы оқушыларға: адамгершілік құндылықтарды түсіндіру; теріс әрекеттердің салдарын ұғындыру; өз мінез-құлқына сыни көзбен карауға үйрету көзделеді.

Мектебіміздің 11 сынып оқушыларына Астана қаласындағы С.Сейфуллин ат. қазақ агротехникалық зерттеу университетінің мамандары онлайн түрде (зум платформасы) түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Мектебімізде "Stop буллинг" онкүндігінің ашылуы өтіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты: әр баланың табысты әлеуметтенуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулықты сақтау. Міндеті: білім алушыларда девиантты мінез-құлық құбылыстарының пайда болуының алдын алу.

"Stop буллинг" онкүндігіне орай 11 сынып оқушыларымен мектебіміздің педагог-психологы Д.К. Айтжанова “Жасөспірімдер арасындағы буллинг” тақырыбында тренинг өткізді. Сонымен қатар, 8-10 сынып оқушыларының арасында буллинг тақырыбында сауалнама жүргізілді.

Бастауыш сыныптарда "Буллингтен қорғану" атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, және одан қалай қорғану керек екенін түсіндіру. 5-6 сыныптар арасында “Мы против буллинга”, “Буллингтен қорғану” тақырыбында танымдық сабақтар өтті. 7-11 сыныптарда "Буллингтен қорған!" тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті. Бұл шараның басты мақсаты - оқушыларға буллинг тің зияны туралы түсіндіру, оның алдын алу және қауіпсіз орта қалыптастыру. Сынып сағаттарында оқушыларға буллингтің түрлерін оның адамдарға тигізетін психологиялық әсері туралы айтылып, өздерін қорғау туралы түсіндірді.

Директордың тәрбие  жөніндегі орынбасары мен әлеуметтік педагог, педагог-психолог, 5-9 сынып оқушыларымен бірге "Құрдастармен жанжалдарды шешу жолдары"тақырыбында профилактикалық әңгіме өткізді. Іс-шараға 5-11 сынып оқушыларының қыздары қатысты.

15 ақпан Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылған күніне орай мектебіміздің мұғалімдері және 10 сынып оқушыларының қатысуымен “Ауғанстан ардагерлеріне тағызым” танымдық сағаты өткізілді.
Мақсаты: оқырмандарға Ауған соғысы жайлы мәлімет беру, Ауғанстан соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағызым етуге, есімдерін қастерлеу, патриоттық тәрбие беру. Жауапты АӘД пәнінің мұғалімі.Паладийчук С.В. Кітапхана меңгерушісі Бопо Р.

Сонымен қатар, “Афганистан в судьбе моих земляков”, “Ауғандықтардың жан жарасы”, “Афганистан болит в моей душе...”, “Ауған соғысы - жүректегі жара” атты сынып сағаттары өтті.

“Досболlike” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асты. «Досболlike» жобасы – білім алушылар арасында достықты, өзара сыйластықты және жағымды қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған тәрбиелік іс-шара. Аталған жоба мектептің біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұйымдастырылып, оқушылардың тұлғалық дамуына, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға және ұжымдық мәдениетті арттыруға ықпал етті. Жетекшісі: Тогтарбай Ж

Ақмола облысы Аққөл аудандық Асық ату және Бес асық жарысынан Азат орта мектебі жүлделі 2 орын иеленді.

https://www.instagram.com/reel/DTcxA8MjbfW/?igsh=dno0Znhtemhwc3Zt

https://www.instagram.com/p/DUhw8eBDaLT/?igsh=dDU0YnAwZmprbHMz

https://www.instagram.com/p/DU0RkIvDd8y/?igsh=OTBubmx5Z201N21x

https://www.instagram.com/reel/DU417bxiIrr/?igsh=MXdjMjN2OHZmdGttZw==

https://www.instagram.com/reel/DU43Dq7CHAL/?igsh=MWt4N2FmdDB3ZjcyYQ==

**Наурыз айы:**

Азат ауылының ЖОББМ-нің өзін-өзі басқару ұйымы Алғыс айту күніне орай "Алтын жүрек" Республикалық челленджін жолдайды. Алғыс айту күніне орай оқушылардың өз қолдарымен жасаған сәндік өнер бұйымдарын мектеп ұжымының қызметкерлеріне сыйлап алғыстарын айтты. Көркем еңбек пәні мұғалімі: Хасара М.   Алғыс айту күніне "Туған жерім-жүрегімде"

тақырыбында 5 сынып оқушыларының қолөнер жұмыстарын жасап, "Айгөлек" шағын орталықтың тәрбиеші апайларына алғыс айтты. Пән мұғалімі Аманжол К.

1 наурыз - Алғыс айту күніне орай " Өзін -өзі басқару" мүшелері мектеп оқушылары, ардақты мұғалімдерді және де өзгеде жұмысшыларды құттықтау үшін "Алғыс жәшігін" дайындады.
Мақсаты: оқушыларды жақсылық жасауға, алғыс айтуға, жанашыр бауырмашыл, қайырымды болуға тәрбиелеу.

«Заң және тәртіп» кітап көрмесі – құқықтық сауаттылықты арттыруға арналған маңызды рухани алаң.
Көрмеде заң, құқық, әділдік және қоғамдағы тәртіп туралы құнды әдебиеттер ұсынылған.
Баршаңызды кітаппен білім алуға шақырамыз!
Кітапхана меңгерушісі: Бопо Р.

"Мектеп парламенті" Өзін -өзі басқару ұйымы Алғыс айту күні қарсаңында мектебіміздің ұстаздары жәнеде басқада қызметкерлерді шын жүректен құттықтады.

Мектебімізде Алғыс айту күніне орай қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңке барысында оқушылар өз қолдарымен әзірлеген түрлі дәмді тағамдарын ұсынып, өз үлестерін қосты.Жылы жүрек кең пейілмен өткен бұл шара бірлікпен мейірімділікке үндеп, жақсылықтың жаршысы бола білді.Жәрмеңкеден түскен қаражат игі істерге жұмсалмақ.Жақсылық жасап жан жылуын сыйлайық!

ғасыр "Жастар"спартикасы аясында Ж.Бектуров атындағы мектебінде өткен Асық атаудан 1 орын, Бес асықтан 3 орын иеленді.

"Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз" тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар аналар мен әжелерге арнап өлең айтып, ән шырқап, би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Балалардың жүрекжарды тілектері мен жылы лебіздері мерекеге ерекше әсер беріп, ата-аналарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.
Мақсаты – аналар мен әжелерге деген құрметті арттыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Бүгін кітапханада "Ана-өмір шуағы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып танымдық сағаты өткізілді.
Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер арқылы мерекемен құттықтау, оқушылардың мейірімділікке ұстамдылыққа тәрбиелеу, ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, аналарды қадірлей білуге үйрету.

9 “Б” сыныптары ата-аналары мен оқушыларына қорытынды аттестацияға психологиялық дайындық тренингі Мектеп педагог-психологы Д. Айтжанова

Мектепте оқушылардың денсаулық туралы білімін арттыру мақсатында туберкулез тақырыбында диктант жазу ұйымдастырылды. Диктант барысында оқушылар туберкулез ауруының қауіптілігі, оның таралу жолдары және алдын алу шаралары туралы мәлімет алды. Бұл жұмыс оқушылардың сауаттылығын арттырумен қатар, олардың денсаулыққа жауапкершілікпен қарауына тәрбиелейді.
Диктант жазу арқылы оқушылар туберкулездің жұқпалы ауру екенін, оның көбінесе ауа арқылы таралатынын және аурудың алдын алу үшін тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, дәрігерге уақтылы қаралу маңызды екенін түсінді. Мұндай шаралар оқушыларға салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын ұғындыруға көмектеседі.

Бүгін оқушылар «Туберкулездің алдын алу» тақырыбында сурет салып, өз ойларын шығармашылық арқылы жеткізді.
Суреттер арқылы балалар денсаулықтың маңызын, тазалықты сақтау мен аурудың алдын алу жолдарын көрсетті.

Бүгін кітапханада “Балалар кітапханасы жобасы” аясында Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамына орай 2-6 сыныптар арасында “Мақал - мәтелдер табамыз” атты көңілді үзіліс өткізілді.
Мақсаты: оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға және мақал-мәтелдер арқылы жас оқырмандардың ұшқырлықтарын тексеру.

Айтулы мерекеге орай, 1-4 сыныптар арасында “Қазақстан этномәдени байлығы”, “Этнокультурное богатство Казахстана” тақырыбыда сынып сағаттары өткізілді.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында “Шабыт” жобасы негізінде “Ананың аялы алақаны” атты челленджі өтті. 1-4 сыныптар арасында “Ана - өмірдің гүлі” атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. 5-7 сыныптар арасында “Көктем арулары” атты қыздар сайысы өтті. Сайыс өте жоғары деңгейде аталып өтті. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Шабыт" жобасы негізінде "Ұлттық мәдениет" көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұлттық атрибуттарды ( ағаштан, металдардан, матадан, киізден және т.б жасалған жұмыстар) пайдалана отырып, білім алушылардың шығармашылық жұмыстарын арттыру.

Терроризм мен экстремизмнің алдын алу субъектілері ҰҚК жергілікті департаменттерінің үйлестіруімен қарсы насихаттық бейнероликтерді мектебіміздің оқушыларына көрсетіліп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бейнематериалдардың мақсаты - терроризм актісінің қауіпі туындаған жағдайда әрекет ету ережелерін көрсету, радикалды идеологияның зардабын туралы ақпарат беру.

Қыстан шығып, аман жеткен ағайын осы күні бір - бірімен көріседі. Жастар үлкендерге сәлем беріп, қариялардың батасын алады.Халқымыз ежелден осындай ғұрыптар арқылы бауырмалдық пен жанашырлықты, татулықты пен мейірімділікті дәріптеп, ұрпақтың бойына асыл қасиеттерді сіңіре біледі. Осы бойынша 5-6 сынып оқушылары "Көрісу" күніне орай " Көрісу күні - амал мерекесі" атты наурыз онкүндігінің алғашқы амандасу сәттерімен бөлісті.

Наурыз мерекесіне арналған "КҮЙ КҮМБІРІ" республикалық домбырашылар челленджіне мектебіміздің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Д.Мұрат пен 6-сынып оқушысы Тилепберген Ибраһим қатысты. Халық күйі " Көксерке" туындысын орындап шықты.

"Армысың, Әз Наурыз" тақырыбында 1-4, 5-8, 9-11 сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Іс-шарар өз деңгейінде өтті. Мектебіміздің барлық оқушылар ұлттық мерекеге белсене ат салысты. Мерекелік бағдарламада түркі тектес елдердің Наурыз мерекесін тойлау ерекшелігін көрсетіп, ұлттық тағамдарымен таныстырды.

https://www.instagram.com/reel/DVNiup9jVaL/?igsh=MWttYmtxeXFrZzBydw==

https://www.instagram.com/reel/DVa1kovjWLM/?igsh=MXRjd2phcTkwZDFqNA==

https://www.instagram.com/reel/DVa_VORDVWG/?igsh=MTd5b3V2cnllNDl0dA==\

https://www.instagram.com/p/DV0VxZ6DXEF/?igsh=MXdmbDdyYmFydXhtOQ==

https://www.instagram.com/reel/DV--zFijVYs/?igsh=bzl2MXp0dm9hbXNt

https://www.instagram.com/reel/DWGcI69DcWQ/?igsh=MTVhOTJ0M2dyNWU0YQ==

**Сәуір айы:**

Ағымдағы жылдың ақпан айында «Заң мен тәртіп» Концепциясы аясында 9–11 сынып оқушылары арасында «Не книжная закладка» және «Хулиганка» атты қысқаметражды фильмдерін көрсетуді ұсынған болатын.
Осыған орай профилактикалық бағыттағы қысқаметражды фильм бойынша сауалнама өткізіліп, Талқылау жүргізілді.
Талқылау барысында келесі мәселелерге ерекше назар аудару ұсынылды:
– жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа бару себептері;
– құқықтық және әлеуметтік салдарлары;
– «Заң мен тәртіп» қағидаттарын сақтау маңыздылығы;

– күмәнді ұсыныстардан бас тарту дағдыларын қалыптастыру.

2 Сәуір - Халықаралық балалар кітабы күніне орай оқушылармен бірге тәрбие сағаты өтті.
Іс-шараның мақсаты: Оқырмандарға білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітап адам өміріне аса маңызды рөл атқарады. Отанды сүюге, талапты кішпейіл болуға мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Оны оқиды тәлім - тәрбие, үлгі - өнеге алады. Сондықтан да біз кітапты сүйеміз. Кітап - біздің Рухани жан азығымыз!-дейміз. Елімізде көптеген дәстүрлі мерекелер бар. Олар біздің салт - дәстүрімізді, тарихымызды жаңғыртып отырады. Ал кітап дүние жүзі көлемінде аталып өтетін маңызы өте жоғары рухани байлық болып табылады. Бүгін кітапханада кітап күніне арналған "Кітап - рухани қазына" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып оқушыларға таныстырылды және кітап оқу сағаты өткізілді.

"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 11-сынып оқушыларымен
«Білім – мемлекеттің басты құндылығы: жаңа Конституция басымдықтары» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Сынып сағатына мектеп директоры, тәрбие орынбасары, ата-аналар және сынып жетекшілер қатысты.

Сабақ барысында оқушылар білімнің қоғамдағы орны мен маңызын талқылап, жаңа Конституцияда айқындалған негізгі бағыттармен танысты. Жастардың сапалы білім алып, саналы азамат болып қалыптасуы – ел болашағының кепілі екені ерекше атап өтілді.

Әскери патриоттық тәрбие - жауынгерлердің әскери қызметін өтеуге қажетті қасиеттерін қалыптастыру мақсатында мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына бейнежазба көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының "Қамқор" жобасы аясында "Жер сағаты" тақырыбында 5-7  сынып оқушылары  өз жұмысын жасады.

Мектебімізде "Ақмола жұлдыздары" атты көркемөнерпаздар және қолөнер байқаулары өтті. Байқауға ауыл тұрғындары "Айгөлек" шағын орталығы, мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысты. Қатысушыларымыз диплом және мадақтамалармен марапатталды.

9 сәуір күні «Жас Ұлан» әскери-патриоттық ойыны аясында аудандық жарыстар өткізілді. Жарыс барысында автомат Калашниковты қолдану кезеңдерінің бірінде Азат орта мектебінің командасы жүлделі III орынды иеленді.

Дәстүрлі спорт түрлерін сақтау, жаңғырту және кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған асық ату ойынынан аудандық жарыста 3 орын алғаны үшін марапатталады. Облысқа жолдама алды.

Бүгін кітапханамызда "Ұлттық кітап күніне" жоспар бойынша "Балалар басылымдары-кітапқа бастайтын жол" атты көрме ұйымдастырылып, "Менің сүйікті журналым" 4-8 сынып оқушыларына қызықты журналдармен таныстыру сағаты өткізілді.
Мақсаты: жас оқырмандарды басылымдардың пайдасына және Балалар журналдарының пайда болу тарихымен таныстыру және ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, Мерзімді басылымдарды оқуға қызығушылықтарын арттыру.

"Ұлттық кітап күніне" орай өткізілген онкүндік аясында 6 «А» сынып оқушыларымен көлеңкелі театр ұйымдастырылды.
Көлеңкелі театр қойылымында "Қызыл телпек"ертегісі сахналанды.
Оқушылар белсене қатысып, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді.
Осындай шаралар балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыра түсетіні анық.
Жетекшісі: Хасара М.

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында Ұлттық кітап күніне орай кітапханада "Кітап әлемінде" атты 7-сыныптар арасында квест өткізілді.
Мақсаты: Оқушылардың балалар әдебиеті саласындағы оқу құзіреттілігін қалыптастыру, өзін-өзі сауатты,
шығармашылықпен айналысуға қабілетті оқырман және ақпаратты белсенді қолданушы ретінде тану. Әдеби квестге оқушылар белсенді қатысты.

«23 сәуір Ұлттық Кітап күні » қарсаңында «Балалар әдебиеті — рухани тәрбие бастауы» онкүндігі аясында «Қазіргі балалар және рухани құндылықтар» және «Гаджет пен рухани даму» тақырыптарында мазмұнды пікірталас өтті. Іс-шара барысында оқушылар заманауи технологиялардың пайдасы мен зиянын саралап, гаджеттердің адам санасына, ойлау қабілетіне және қарым-қатынас мәдениетіне әсері туралы өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар рухани құндылықтардың маңыздылығы, ұлттық тәрбие, кітап оқудың рөлі кеңінен талқыланды. Пікірталас барысында қатысушылар өз көзқарастарын дәлелдеп, еркін пікір алмасуға мүмкіндік алды. Бұл шара оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, саналы таңдау жасауына жол ашты.

Мектебімізде 12-сәуір ғарышкерлер күні және Қазакстан Ғылым қызметкерлер күні аталып өтілді. Сонымен қатар Қазақстандық ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев дүниеге келген күні. Қаныш Сәтбаев туралы естеліктер оқылып Қазақ ғарышкерлері туралы қызықты мәліметтер айтылды. Жауаптылыр: Бопо Р

мен Тойлан А.

Айтулы мерекеге орай бастауыш сыныптар арасында “Мен ғарышкер боламын”, “Космическое путешествие” атты сынып сағатын өткізді. Ал 5-11 сыныптар арасында “Ғарыш әлемі” атты бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Астана қаласының “Бастау” колледж мамандары кәсіптік бағдар білім беру бойынша 9-11 түлектерге түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

сәуір “Қозы көрпеш - Баян сұлу” күніне орай мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы “Сезіміңмен бөліс” атты іс -шара ұйымдастырды.

“Суды үнемде - болашақты сақта” тақырыбында бірыңғай сынып тыс ашық сабақ өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектебіміздің оқушыларына Экстремизм және терроризм туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бейнежазба көрсетіліп, сұрақтар қойылды.

Мектебіміздің 10-11 сынып оқушыларымен теолог маман кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты: Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, деструктивті діни ағымдардың идеологиясына қарсы иммунитет қалыптастыру, дәстүрлі құндылықтарды нисихаттау бағытында оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/reel/DWny5L4DXOo/?igsh=MWhldjIxOHBpeHJq

https://www.instagram.com/reel/DW3SFrWjWqU/?igsh=c2Ywc3ZteDBna2k3

https://www.instagram.com/p/DW83CiFjUda/?igsh=ODVyNGVubzNhYndy

https://www.instagram.com/p/DW83CiFjUda/?igsh=ODVyNGVubzNhYndy

https://www.instagram.com/reel/DXGsaSGjYKv/?igsh=MWk4aXNyd2xuamVuaQ==

https://www.instagram.com/reel/DXMmsrqjdxU/?igsh=YTdlbjdrbnZ4YjEz

**Мамыр айы:**

1 мамыр бірлік күніне орай 1-4”А” сыныптар арасында “Бірлігіміз жарасқан - Тәуелсіз елім Қазақстан!”, “Мы разные но мы равные”, “Ұлттар достығы” атты тақырыпта ашық сынып сағаттары өткізілді.

Мемлекет басшысының “Таза Қазақстан”экологиялық акциясын қолдау мақсатында Азат ауылының ЖОББМ - нің түлектерімен “Түлектердің ағаш егу” челленджі ұйымдастырдық. Оқушылар белсене ат салысты.

Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай “ Бір шаңырақ астында” фестиваль өткізілді. Қазақстан көпұлтты мемлекет болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан бастап, біз әртүрлі этностар арасындағы келісімді сақтай алдық. Елімізде қазақтардың саны көп болғанымен, біз басқа ұлттарды кемсітпейміз, керісінше оларға өз мәдениетін, тілін және дәстүрін дамытуға мүмкіндіктер жасалған. Ұлттар арасында ынтымақ,бірлігіміз, достығымыз арта берсін.

Жоспар бойынша кітапханада “Ұлы жеңіс күніне орай” кітап көрмесі қойылып, кітап оқу сағаты ұйымдастырылып, оқушылар Бауыржан Момышұлының шығармаларын оқып сонымен қатар өз жерлестеріміз ұлы жеңістің хаһармандары туралы естеліктермен таныстық, соңында 7”Б” сынып оқушылары “Сен де ардақтап,бұл мейрамды жас ұрпақ” деп өлең жолдарын оқыды.

Степногорск қаласының жоғары колледжі мамандары мектебіміздің 9-сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Колледж мамандары тарапынан оқушыларға кәсіптік бағдар беру және мамандық таңдауға бағытталған түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында талапкерлерге колледждегі мамандықтар, оқу мерзімі, қабылдау шарттары, грант мүмкіндіктері және оқу орнын аяқтағаннан кейінгі жұмысқа орналасу жолдары туралы толық мәлімет берілді.

Кездесу барысында колледж өкілдері білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін түсіндіріп, студенттердің тәжірибелік сабақтары мен өндірістік практикасы жөнінде ақпарат ұсынды. Сонымен қатар оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.

“Таза Қазақстан” акциясы - бұл жай ұран емес, еліміздің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған кешенді бағдарлама. Осы бағдарламаны негізге ала отырып мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары мен ұстаздары белсене ат салысты.

“Жеңіс белгісі”патриоттық акциясы аясында, мектебіміздің өзін - өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен лента тағу іс- шарасы ұйымдастырды. 1-11 сынып оқушылар арасында бірыңғай сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай 8-11 сынып оқуышыларына “ Ұлы Жеңіс - ұрпаққа аманат” тақырыбында танымдық сабағы өткізілді. Жауапты: АӘД мұғалімі: Паладийчук С.В

Учаскелік инспектор мектебіміздің 8-11 сынып ұлдарына құқықбұзушылық, әкімшілік жаза туралы профилактикалық жұмыс жүргізді.

5-6 сынып оқушылары көрем еңбек сабағында “Гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстары” тақрыбында мектеп ауласына гүл отырғызды.  Пән мұғалімдері: К. Аманжол  мен М. Хасара.

“Akkol kids singer” аудандық балалар вокалдық байқауында жоғары орындаушылық шеберлігі мен жарқын өнер көрсеткені үшін Тойлан Арайлым жүлделі 2 орын және ақшалай сертификатпен марапатталды.

Жазғы демалыс кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында мектеп тарапынан балалар қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Аталған жұмыстардың негізгі мақсаты – оқушылар арасында жаз мезгілінде орын алуы мүмкін қауіптердің алдын алу, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Түсіндірме жұмыстары барысында келесі бағыттар қамтылады:

* судағы қауіпсіздік ережелері;
* жол-көлік оқиғаларының алдын алу;
* өрт қауіпсіздігі;
* күн өту мен ыстықтан сақтану;
* көшедегі және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік;
* интернет қауіпсіздігі;
* бөгде адамдармен қарым-қатынас кезіндегі сақтық;
* тұрмыстық жарақаттардың алдын алу;
* түнгі уақытта заңсыз жүрудің алдын алу;
* құқықбұзушылық пен қадағалаусыз қалудың алдын алу.

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және педагог-психолог бірлесіп оқушылармен және ата-аналармен профилактикалық әңгімелер, нұсқаулықтар, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары мен жеке кеңестер өткізеді. Сонымен қатар қауіпсіздік тақырыптарында жадынамалар таратылып, ақпараттық чаттар арқылы ескертулер жіберілді.

Мектебімізде оқушыларға адалдық, отансүйгіштік және адамгершілік қасиеттерді насихаттау мақсатында қазақтың батыр ұлы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлына арналған «Адалдық сағаты» өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға Бауыржан Момышұлының өмір жолы, ерлігі мен нақыл сөздері таныстырылып, оның елге деген сүйіспеншілігі мен шынайы адалдығы туралы кеңінен айтылды. Адалдық сағатында оқушылар батырдың қанатты сөздерін талдап, адалдық пен жауапкершілік туралы өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар бейнеролик көрсетіліп, тақырыпқа байланысты пікір алмасу ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында адалдық, әділдік, тәртіп және патриоттық құндылықтарды қалыптастыру. Шара соңында оқушылар Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірінен үлгі алып, әрдайым шыншыл әрі жауапты азамат болуға шақырылды.

https://www.instagram.com/reel/DXwt2EUtfMy/?igsh=cnJ1Z3RoOGlidGVk

https://www.instagram.com/reel/DYE-sMztTaJ/?igsh=d3QxeGR3M21kYzl1

https://www.instagram.com/p/DYd-hREDSGj/?igsh=MWNpN3FvNGhhdmlpbQ==

https://www.instagram.com/p/DYjTXF2DdXL/?igsh=MWtxc3l5dGkwM3B3dg==

https://www.instagram.com/reel/DYysCHBN4Po/?igsh=OGFseW0zMjZ6eGw0

https://www.instagram.com/reel/DZFLEk4tyAV/?igsh=emw0bnE1MDdoYmR3

**Қыз балалармен жұмыс**

Мақсаты: Сыныптағы әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл жұмыс қыз балаларға қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығын сезіндіру үшін және қыз баласына тән белгілі бір ұнату сезімін бастан кешіру кезінде түсініспеушілік болса, оған қыздардың мұңайып, өздеріне жамандық жасамауы үшін алдын алуға міндеттейді

**Ұл балалармен жұмыс**

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу.

**Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс:**

Мақсаты: Оқу-тәрбие жұмысындағы басты тұлға «оқушы» екенін үнемі бетке ұстай отырып, балаға гимназия оқушыларының ерекшеліктерін /мектепте, үйде, ортада/ ұғындыруда мектеп пен ата-ана бірлесе жұмыстануы.

Міндеті: Мектеп пен ата-ана арасындағы ізгілендірілген тығыз қарым-қатынас; Мектепте өтетін шараларға ата-аналарды кеңінен тарта отырып, олармен бірлесе баланы патриоттыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу;

Сынып жетекші, ата-ана, пән мұғалімдерінің психологиялық-педагогикалық деңгейін семинарлар, тренингтер көтеру.

Күтілетін нәтиже:

1.Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылады.

2.Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігі қамтамасыз етіледі.

3.Ата-аналар ұжымы құрылады.

4.Ата-аналардың білім дәрежесі мен мәдениеті үнемі артып отырылады.

Қамқоршылық кеңес жұмысы

Мектебімізде 2020 жылдан бері қамқоршылық кеңесі жұмыс жасайды,кеңес құрамында 9 мүше және хатшы бар. Қамқоршылық кеңестің мүшелері ата-аналар жұмысын жандандыру, қайырымдылық көмектен түскен қаражатты аз қамтылған жанұя, көп балалы отбасы балаларына көмек беруге, дарынды балаларды қолдауға және спортты дамытуға жұмсау,оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қолдау көрсету сынды жұмыстармен айналасады.Кеңес мүшелері сұрақтарын қойып, толық жауап алды.

**Үйірме қызметі**

| **№** | **Үйірме атауы** | **Оқушы саны** |
|---|---|---|
| 1 | «Ақ қауырсын» поэзия клубы | 12 оқушы |
| 2 | Изучаем английский язык | 8 оқушы |
| 3 | Әнші балапан | 13 оқушы |
| 4 | Әскери-патриоттық клуб (Қырандар) | 17 оқушы |
| 5 | Шебер қолдар<br><br>Умелые ручки | 10 оқушы |
| 6 | Табиғат – біздің үйіміз<br><br>Природа - наш дом | 8 оқушы |
| 7 | «Мир краеведов» | 6 оқушы |
| 8 | «Азат» дебат клубы | 16 оқушы |
| 9 | Eko-patrol | 9 оқушы |
| 10 | Жасыл клуб | 10 оқушы |

«Ақ қауырсын» үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме саны - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

Үйірменің мақсаты:

а) оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эсстетикалық әсерін сензіндіру;

ә) көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу;

б) көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті өздеріне болжату, түсіндіру, мәтінді талдау дағдыларын дамыту.

Мақсатты негізге ала отырып, жылдық жоспар бекітілген. Әр мереке сайын оқушылар іс-шараға белсене ат салысады. Үйірменің нәтижесі ретінде мына оқушыларды атап айтуға болады.

«Изучаем английский язык» үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме саны - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Үйірме бағдарламасы бойынша сабақтар балаларды шет тілі мәдениетінің негізімен танысады, яғни балаға білім-білік дағдыларының базалық көлемін үйретеді. Сабақ оқуға және жазуға ауызша дайындық кезең болып табылады.

Үйірменің мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру арқылы лингвистикалық қабілеттерін дамыту.Ойын түрлері арқылы тәрбиеленушілердің ағылшын тілін үйренуге деген ықыласын арттырып, сол тілде сөйлеуге үйрету.

Міндеттері:

үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру;

баланың өз күшіне сенімділігін нығайту және дұрыс мотивация құру; - ағылшын тілінің ырғағымен және мәнерлі дыбысталуымен танысу, балалардың тілдік құзыреттілігін дамыту;

мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу мүмкіндігі мен қажеттілігін ескере отырып, ағылшын тілінде баланың өздігінен қарым-қатынас міндеттерінің қорытындылауын қолдау;

ойын және нақты қарым-қатынас жағдайында қарапайым деңгейде серіктеспен байланыс орнатуды үйрету;

фонетикалық есту қабілетін дамыту;

ағылшын тілінде сөйлеу мазмұнын түсінуге үйрету;

«Әнші балапан» үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Үйірме қатысушылары өнерлерін шыңдау арқылы текән айтуға ғана емес, сондай-ақ

